



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Д.Н. Назарбаеваға

2021 жылғы 8 қыркүйектегі № ДЗ-248 сауалға

Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы!

Инвестициялық саясатты іске асыруға және инвестициялық климатты жақсарту бойынша қабылданап жатқан шараларға қатысты Сіздің сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2017 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында **Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тартудың және өңірдегі инвестициялар ағыны бойынша көшбасшылықты сақтаудың ерекше маңыздылығын** атап өтті.

Үкімет Жолдауда айтылған міндеттерді іске асыру мақсатында Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, 2018-2022 жылдарға арналған ұлттық инвестициялық стратегияны (*бұдан әрі – Стратегия*) әзірледі.

Стратегия шеңберінде 5 түйінді нысаналы көрсеткіш және оларға қол жеткізу үшін 70 іс-шара айқындалды, олардың **50-і орындалды**, 20-ы ұзақ мерзімді болып табылады және 2022 жылға қарай орындауға жатады.

Қазіргі уақытта 2016 жылғы деңгейге қатысты Стратегияда көрсетілген 5 көрсеткіштің **4-іне қол жеткізілді**:

1) экономиканың шикізаттық емес секторының негізгі капиталына инвестициялар көлемі (НКИ) (2018 ж. – 141,9 %, 2019 ж. – 145 %, 2020 ж. – 156,4 %);

2) экономиканың шикізаттық емес секторының сыртқы НКИ көлемі (2018 ж. – 132,1 %, 2019 ж. – 158,5 %, 2020 ж. – 138 %);

3) тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы ағыны (2018 ж. – 113,6 %, 2019 ж. – 113,9 %);

4) жалпы ТШИ көлемінің ЖІӨ-ге арақатынасы (2018ж. – 17,7%, 2019ж. – 17,7%).

Пандемиядан туындаған әлемдік дағдарыстың нәтижесінде ТШИ ағынының әлем бойынша орта есеппен **35 %-ға (\$500 млрд) жаһандық төмендеуі** орын алды. Әсіресе дағдарыс өтпелі экономикасы бар елдерге теріс әсер етті – 58 %-ға төмендеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында жалпы ТШИ төмендеуі **30 %-ды** құрады.

Бұл ретте UNCTAD-тың әлемдік инвестициялар туралы есебіне (2021 жылғы шілде) сәйкес **Қазақстан Орталық Азияның локомотиві – таза ТШИ ағынының өсуі бойынша** ТМД елдері мен теңізге шыға алмайтын елдер,

сондай-ақ өтпелі экономикалардың арасында **көшбасшы** болып табылады.

Анықтама: таза ТШИ жаңа өндірістерді ашуға, патенттер сатып алуға, кәсіпорындардың қолданыстағы капиталын кеңейтуге және жаңғыртуға инвестициялар есебінен қалыптастырылады. ТШИ жалпы ағыны барлық амортизациялық аударымдарды да көрсетеді.

Инвестициялық қызметті одан әрі ынталандыру үшін Үкіметтің алдына НКИ көлемін **ЖІӨ-ге 30 %-ға дейін**, ал ТШИ жалпы ағынының көлемін 2025 жылға қарай **\$30 млрд-қа** дейін жеткізу міндеті қойылды (2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында және «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында).

Үкімет мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуге және сапалы инвестицияларды тартуға бағытталған таргеттелген тәсілді қамтамасыз етуге, сондай-ақ елдің инвестициялық климатын жақсартуға бағытталған жүйелі шараларды іске асыруда.

1. Жұмыс істеп тұрған инвесторларды ұстап қалу, қайта инвестициялауды ынталандыру және инвесторлардың мүдделерін қорғау мақсатында арнайы консультациялық-кеңесші органдар жұмыс істейді, олардың шеңберінде инвесторлардың ұсыныстары талқыланады және олардың проблемалық мәселелері бойынша шешімдер қабылданады.

Қазақстан Республикасы Президентінің төрағалығымен **Шетелдік инвесторлар кеңесі** жұмыс істейді (1998 жылдан бастап). Ағымдағы жылғы 26 тамызда Мемлекет басшысының Кеңес мүшелерімен жұмыс кездесуі өтті, оның барысында Кеңес мүшелері көтерген көптеген мәселелерді шешуде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілгенін атап өтті:

- газ жағудан шығарындылар үшін айыппұлды есептеу кезінде кемсітушілік тәсілді жою туралы, сондай-ақ бизнесті салықтық кұқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту шегін оңтайландыру бойынша ұсыныстар қолдау тапты (2021 жылғы 2 шілдеде осы нормалар заңнамалық түрде бекітілді);

- бірлесіп жаңа инвестициялық құрал – жақсартылған модельдік келісімшарт әзірленді, ол инвестициялардың заңды қорғалуын және тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, фискалдық және өзге де преференцияларды (жобалардың санаттарына қарай) ұсына отырып, барлық геологиялық бассейндерге қатысты қолданылатын болады;

- мұнай-газ саласында шетелдік инвесторлармен «бір терезе» қағидаты бойынша жедел өзара іс-қимыл жасау үшін **Ведомствоаралық фронт-офис құрылуда.**

Менің төрағалық етуіммен **Инвестициялық омбудсмен институты** жұмыс істейді (2015 жылдан бастап), ол сотқа жүгінгенге дейін туындайтын инвестициялық дауларды реттеуге және шешуге мүмкіндік береді, бұл даулы мәселелерді ерте кезеңдерде анықтауға ықпал етеді. Шетелдік инвесторлардың сот және төрелік дауларға тартылуын төмендету елдің инвестициялық тартымдылығын жақсартудың негізгі өлшемшарттарының бірі болып табылады.

2. Инвесторлармен жұмыс істеудің нақты тәсілін қамтамасыз ету үшін инвестициялар тартудың үш деңгейлі жүйесі құрылды.

Сыртқы периметрінде **Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері мен «Kazakh Invest» ҰК» АҚ** әлеуетті инвесторлармен тікелей байланыс іздеу және жолға қою, сондай-ақ бастапқы келіссөздер жүргізу үшін

жауап береді.

Орталық мемлекеттік органдар мен бизнес салалық сүйемелдеуді, инвестицияларға тапсырысты қалыптастыруды және инвестициялық ұсыныстарды дайындауды жүргізеді.

Жобалардың «қонуы» кезеңінде **жергілікті атқарушы органдар** инвесторлардың сұрау салуларын пысықтайды және жобалардың іске асырылуын үйлестіреді.

3. Инвесторлармен жұмыстың жедел мониторингі мен үйлестірілуін қамтамасыз ету мақсатында **Инвесторларды тарту мәселелері жөніндегі кеңестің** (*Инвестициялық штаб*) қызметі іске қосылды.

Инвестициялық штабтың жұмысы шеңберінде **2021-2025 жылдарға** арналған **шамамен 3 мың жобадан** тұратын **жобалар** пулы **қалыптастырылды**, олар негізгі капиталға **44,7 трлн теңге** инвестициялардың салынуын қамтамасыз етеді.

Аталған жобаларды іске асыру салалық орталық және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшыларымен жасалған **негізгі капиталға инвестициялар тарту жөніндегі меморандумдарда бекітілген.**

4. Өңірлік деңгейде инвестициялар үшін бәсекелестікті ынталандыру мақсатында қабылданатын шаралардың тиімділігін кешенді бағалауға, сондай-ақ инвесторлармен жұмыс істеудегі үздік тәжірибені анықтауға мүмкіндік беретін **өңірлердің инвестициялық тартымдылығының рейтингі** қолданылады.

5. Шетелдік инвесторлардың қатысуымен іске асырылатын **басым салалардағы жобаларға** ерекше көңіл бөлінеді.

Стратегияда инвестицияларды проактивті тарту үшін **салалардың 2 тобы айқындалған.**

Бірінші топ – қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасының бәсекелестік артықшылықтарының көздері болып табылатын қолданыстағы әлеуеті бар салалар. Осы топ шеңберінде **тамақ өнеркәсібі, металлургия, химия, мұнай химиясы және машина жасау** сияқты салалар айқындалды.

Екінші топ – инвесторлар ұзақ мерзімді перспективада мүдделі болуы мүмкін салалар. Осы бағытта Стратегияда **ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), туризм және қаржы** сияқты салалар айқындалған.

Сонымен қатар, ағымдағы экономикалық үрдістерді ескере отырып, экономиканың өсуіне ықпал ететін **агроөнеркәсіптік кешен, көлік және логистика, фармацевтика, жаңартылатын энергия көздері, құрылыс материалдарын өндіру** сияқты шикізаттық емес сектордың бәсекелес салалары басым салалар ретінде қосымша айқындалды.

Аталған басым бағыттар бойынша ірі стратегиялық шетелдік инвесторларды тарту бойынша мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізілуде.

«Kazakh Invest» ҰК» АҚ аталған салаларда **111,7 мыңнан астам жұмыс орнын** құра отырып, **\$67,1 млрд** сомасына шетелдің қатысуымен **456 жобаны** тандап, іске асырылуын қамтамасыз етуде.

Осы жұмыс шеңберінде 2018-2020 жылдары **\$5,8 млрд** сомасына **108 жоба** пайдалануға берілді. Ағымдағы жылғы 9 айда **\$966 млн-ға 17 жоба** іске асырылды, **1640 жұмыс орны** құрылды.

Олардың ішінде **ЛУКОЙЛ** компаниясының қатысуымен майлау материалдарын өндіру (РФ, \$85 млн), **Hyundai** автомобильдерін өндіру (Оңтүстік Корея, \$60 млн), **YDA** компаниясының қатысуымен әуежай (Түркия, \$206 млн), **Bitfury** компаниясының қатысуымен дата-орталық (Нидерланды, \$110 млн) салу, сондай-ақ АХҚО алаңында **China Construction Bank** банкінің филиалын ашу қамтамасыз етілген жобаларды атап өтуге болады.

Сондай-ақ, **жұмыс істеп тұрған инвесторлардың қатысуын кеңейту шеңберінде Lotte** (Оңтүстік Корея, \$11 млн) және **Ulker** (Түркия, \$25 млн) ТҰК тамақ өнімдерін өндірудің жаңа желілері іске қосылды, **Polpharma** (Польша, \$23 млн) компаниясының фармпрепараттар өндірісі жаңғыртылды, **Эко-Культура** (Ресей, \$1,3 млрд) компаниясының өнеркәсіптік жылыжайлары салынды.

Жыл соңына дейін **5,4 мың жұмыс орнын** құра отырып, **\$4,1 млрд** құрайтын тағы **26 жоба** іске қосылады деп күтілуде, олардың ішінде **CNPC** (ҚХР, \$100 млн) қатысуымен болат құбырлар өндірісі, **Beef Export Group** (РФ, \$13 млн) қатысуымен ет өндірісі бар.

6. «Kazakh Invest» ҰК» АҚ базасында 2019 жылдан бастап инвестициялық жобаларды сүйемелдеу құралы болып табылатын **Investor relationship management (IRM, жүйе)** ақпараттық-мониторингтік жүйесі жұмыс істейді. Жүйе шеңберінде инвесторлардан түсетін бастамаларға, қолданыстағы жобаларды іске асыру барысына және оларды инвестициялаудан кейінгі сүйемелдеуге мониторинг жүргізіледі, сондай-ақ оларды шешуге жедел жәрдемдесу үшін проблемалық мәселелер анықталады.

IRM-дегі инвестициялық жобалар бойынша деректер инвестор туралы ақпаратты, онымен өзара іс-қимыл хронологиясын, жобалардың пысықталу дәрежесі бойынша өзекті мәртебелерді, проблемалық мәселелердің болуын және жобаларды іске асыру барысының өзге де параметрлерін қамтиды.

Жүйе invest.gov.kz ұлттық инвестициялық веб-ресурсымен және байланыс орталығымен интеграцияланған, онда әлеуетті және жұмыс істеп тұрған инвесторларға проблемалық мәселелер бойынша консультациялық сұрауларды жүзеге асыруға, жобаларға бастамашылық жасауға мүмкіндік берілген, сондай-ақ «шағым» функцияналы бар. Іске қосу басталғалы бері жүйемен **3000-нан астам** өтініш, оның ішінде инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты **345** сұрау өңделді.

7. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ағымдағы жылғы қаңтарда жаңа инвестициялық құрал – **Стратегиялық инвесторлар үшін инвестициялар туралы келісім** (*бұдан әрі – Келісім*) енгізілді.

Келісім шарттар мен заңнаманың тұрақтылығына кепілдік береді, сондай-ақ әрбір жоба үшін преференциялар топтамасын ұсыну тәртібін айқындау кезінде атаулы тәсілді іске асыруды көздейді. Мәселен, 2021 жылғы 12 қаңтарда Қазақстанда **Valmont Industries** компаниясымен демонстрациялық фермалар желісін құру және қазіргі заманғы суару жүйелерін өндіру және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін басқару бойынша зауыт салу жөнінде келісім жасалды (*инвестициялар сомасы - \$50 млн*).

Сондай-ақ Қазақстандағы агро-мультипротеин өнеркәсібіне инвестициялар туралы ірі америкалық **Tyson Foods, Inc.** ТҰК-пен Келісім қол қоюға дайындалуда (*инвестициялар сомасы – \$300 млн*). Жоба шеңберінде бір ауысымда кемінде 2000 бас сою қуаты бар ет өңдеу зауытын, бордақылау

аландары, репродукторлар желісін құру, сондай-ақ Қазақстан Республикасында фермерлік шаруашылықтарымен кооперацияны дамыту көзделеді.

Тұтастай алғанда, қабылданып жатқан осы шаралар және соның салдары ретінде әлемдік рейтингтермен және одан әрі өсудің алғышарттарымен расталған инвесторлардың сенім деңгейінің ұлғаюы белгіленген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Осылайша, ағымдағы жылғы 8 айда **өндіруші емес секторлардағы НКИ көлемі 22,2 %-ға өсті**. Айтарлықтай өсу қарқыны құрылыс секторында (2,2 есе), **өңдеу өнеркәсібі (88,3 %-ға), ауыл шаруашылығы (46,2 %-ға), сауда (45,1 %-ға), ақпарат және байланыс (41,1 %-ға), жылжымайтын мүлікпен орындалатын операциялар (19,3%-ға) және көлік (11,7 %-ға)** салаларында байқалады.

ТШИ жалпы ағыны биылғы **1-жартыжылдықтың** нәтижелері бойынша **30,4 %-ға \$11,1 млрд-қа** дейін өсті. Өсім білім беру және денсаулық сақтау (4,8 есе), **өңдеу өнеркәсібі (57,2 %-ға), сауда (45,8 %-ға), көлік және логистика (20,4 %-ға), ақпарат және байланыс (9,4 есе), тау-кен өнеркәсібі (27,1 %-ға)** салаларының есебінен қамтамасыз етілді.

Елдің инвестициялық ахуалының жақсаруы және инвесторлардың бейілділігі халықаралық рейтингтермен де расталады –еліміз UNCTAD есебіне, сондай-ақ Мұра қорының рейтингіне сәйкес өңірде көшбасшылық позицияны иеленеді – **экономикалық еркіндік бойынша 34-орын (2021ж.)**.

Ұлттық экономиканың тұрақтылығын жетекші халықаралық ұйымдар атап өтті.

Ағымдағы жылғы тамыз айында **Moody's** Үкіметтің дағдарысқа қарсы шараларының тиімділігіне сілтеме жасай отырып, елдің кредиттік рейтингін **Ваа2-ге** дейін көтерді.

АДБ нақты сектордың күші мен **фискалдық саясаттың тиімділігіне** сілтеме жасай отырып, биылғы жылы ұлттық өндіріс бойынша өз **болжамдарын екінші рет жақсартты (22.09.2021)**.

Үкімет қабылдап жатқан барлық шаралар бойынша жүргізілген жұмыс бойынша **Инвестициялар жөніндегі ұлттық баяндама** жыл сайын қалыптастырылатын болады, онда әлемдік экономиканың даму трендтері мен болжамдарын талдау, қол жеткізілген нәтижелерді және өңірлердің инвестициялық рейтингін бағалау, сондай-ақ елдің инвестициялық ахуалын одан әрі жақсарту жөніндегі жүйелі ұсыныстар қамтылады. Сондай-ақ құжатта **мемлекеттік органдар мен өңірлер** бөлінісінде қойылған міндеттерді іске асырудың тиімділігін бағалау ұсынылатын болады. Бүгінгі күні **нысаналы көрсеткіштер декомпозицияланған**, оларға қол жеткізу үшін дербес жауапкершілік бірінші басшыларға бекітілген.

Инвестициялар тарту құралдарын одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс жалғасады және Үкіметтің ерекше бақылауында болады.

А. Мамин



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Назарбаевой Д.Н.

На № ДЗ-248 от 8 сентября 2021 года

Уважаемая Дарига Нурсултановна!

Рассмотрев Ваш запрос касательно реализации инвестиционной политики и принимаемых мер по улучшению инвестиционного климата, сообщаем следующее.

В своем Послании народу Казахстана в 2017 году Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы Назарбаев Н.А. отметил **особую значимость привлечения иностранных инвестиций в экономику Казахстана и сохранения лидерства по притоку инвестиций в регионе.**

Правительством в целях реализации задач, озвученных в Послании, была разработана Национальная инвестиционная стратегия на 2018-2022 годы совместно с Всемирным Банком (далее – Стратегия).

В рамках Стратегии определены 5 ключевых целевых показателей и 70 мероприятий для их достижения, из которых **50 исполнены**, 20 являются долгосрочными и подлежат исполнению к 2022 году.

В настоящее время **достигнуты 4 показателя из 5**, указанных в Стратегии, к уровню 2016 года:

1) объем инвестиций в основной капитал (ИОК) несырьевого сектора экономики (2018 г. – 141,9 %, 2019 г. – 145 %, 2020 г. – 156,4 %);

2) объем внешних ИОК несырьевого сектора экономики (2018 г. – 132,1 %, 2019 г. – 158,5 %, 2020 г. – 138 %);

3) валовый приток прямых иностранных инвестиций (ПИИ) (2018 г. – 113,6 %, 2019 г. – 113,9 %);

4) соотношение объема валового ПИИ к ВВП (2018 г. – 17,7 %, 2019 г. – 17,7 %).

В результате мирового кризиса, вызванного пандемией, произошло глобальное снижение потоков ПИИ в среднем на **35 %** по миру (на \$500 млрд.). Особенно негативно кризис отразился на странах с переходной экономикой – падение на **58 %**. В то же время снижение валовых ПИИ в РК составило **30 %**.

При этом, согласно отчету UNCTAD о мировых инвестициях (июль 2021 года), **Казахстан является локомотивом Центральной Азии – лидером по**

росту притока чистых ПИИ среди стран СНГ и стран без выхода к морю, а также переходных экономик.

***Справочно:** чистые ПИИ формируются за счет инвестиций в открытие новых производств, приобретение патентов, расширение и модернизацию существующего капитала предприятий. Валовый приток ПИИ также отражает все амортизационные отчисления.*

Для дальнейшего стимулирования инвестиционной деятельности перед Правительством поставлена задача по доведению объёма ИОК до **30 % к ВВП**, а объёма валового притока ПИИ до **\$30 млрд** к 2025 году (в Национальном плане развития до 2025 года и Предвыборной программе партии «Nur Otan»).

Правительством реализуются системные меры, направленные на достижение целевых показателей и обеспечение таргетированного подхода к привлечению качественных инвестиций, а также улучшение инвестиционного климата страны.

1. В целях удержания действующих инвесторов, стимулирования реинвестиций и защиты интересов инвесторов функционируют специальные консультативно-совещательные органы, в рамках которых обсуждаются предложения инвесторов и принимаются решения по их проблемным вопросам.

Под председательством Президента РК действует **Совет иностранных инвесторов** (с 1998 года). 26 августа т.г. состоялась рабочая встреча Главы государства с членами Совета, в ходе которой он отметил, что достигнут значительный прогресс по решению большинства вопросов, высказанных членами Совета:

- поддержаны предложения об устранении дискриминационного подхода при расчёте штрафа за выбросы от сжигания газа, а также оптимизации порога привлечения бизнеса к уголовной ответственности за налоговые правонарушения (2 июля 2021 данные нормы закреплены законодательно);

- совместно выработан новый инвестиционный инструмент – улучшенный модельный контракт, который позволит обеспечить юридическую защиту и стабильность инвестиций, будет применяться в отношении всех геологических бассейнов, предоставляя фискальные и иные преференции (в зависимости от категорий проектов);

- создается Межведомственный фронт-офис для оперативного взаимодействия с иностранными инвесторами в нефтегазовой отрасли по принципу «одного окна».

Функционирует институт Инвестиционного омбудсмена под моим председательством (с 2015 года), который позволяет регулировать и разрешать возникающие инвестиционные споры до обращения в суды, что способствует выявлению спорных вопросов на ранних этапах. Снижение вовлеченности зарубежных инвесторов в судебные и арбитражные диспуты является одним из ключевых критериев к улучшению инвестиционной привлекательности страны.

2. Для обеспечения точечного подхода в работе с инвесторами создана трехуровневая система привлечения инвестиций.

На внешнем периметре заграничных учреждения Республики Казахстан и АО «НК «Kazakh Invest» отвечают за поиск и налаживание прямого контакта с потенциальными инвесторами, а также проведение первичных переговоров.

Центральные государственные органы и бизнес проводят отраслевое сопровождение, формирование заказа на инвестиции и подготовку инвестиционных предложений.

На стадии «**приземления**» **проектов местные исполнительные органы** прорабатывают запросы инвесторов и координируют реализацию проектов.

3. В целях обеспечения оперативного мониторинга и координации работы с инвесторами запущена деятельность **Совета по вопросам привлечения инвесторов** (*Инвестиционный штаб*).

В рамках работы Инвестиционного штаба **сформирован пул проектов на 2021-2025 годы, состоящий из порядка 3 тыс. проектов, которые обеспечат 44,7 трлн тенге инвестиций в основной капитал.**

Реализация указанных проектов **закреплена в меморандумах по привлечению инвестиций в основной капитал**, заключенных с первыми руководителями отраслевых центральных и местных исполнительных органов.

4. В целях стимулирования конкуренции за инвестиции на региональном уровне применяется **рейтинг инвестиционной привлекательности регионов**, который позволяет комплексно оценивать эффективность принимаемых мер, а также выявлять лучший опыт в работе с инвесторами.

5. Особое внимание уделяется **проектам в приоритетных отраслях, реализуемым с участием иностранных инвесторов.**

Стратегией определены 2 группы отраслей для проактивного привлечения инвестиций.

Первая группа – отрасли с действующим потенциалом, которые являются источниками конкурентных преимуществ РК в краткосрочной и среднесрочной перспективе. В рамках данной группы определены такие отрасли как **пищевая промышленность, металлургия, химия, нефтехимия и машиностроение.**

Вторая группа – отрасли, в которых инвесторы могут быть заинтересованы в долгосрочной перспективе. В данном направлении Стратегией определены такие отрасли как **информационно-коммуникационные технологии (ИКТ), туризм и финансы.**

Вместе с тем, учитывая текущие экономические тенденции, в качестве приоритетных дополнительно определены такие конкурентные отрасли несырьевого сектора, способствующие росту экономики, как **агропромышленный комплекс, транспорт и логистика, фармацевтика, возобновляемые источники энергии, производство стройматериалов.**

По отмеченным приоритетным направлениям ведется целенаправленная работа по привлечению крупных стратегических иностранных инвесторов.

АО «НК «Kazakh Invest» отобраны и обеспечивается реализация **456 проектов с иностранным участием** на сумму **\$67,1 млрд** с созданием свыше **111,7 тыс. рабочих мест** в отмеченных отраслях.

В рамках данной работы в 2018-2020 годы был обеспечен ввод в эксплуатацию **108 проектов** на сумму **\$5,8 млрд**. За 9 месяцев т.г. реализованы **17 проектов** на **\$966 млн**, создано **1640 рабочих мест**.

Среди них можно отметить такие проекты, как производство смазочных материалов с участием компании **ЛУКОЙЛ (РФ, \$85 млн)**, производство

автомобилей **Hyundai** (Южная Корея, \$60 млн), строительство аэропорта с участием компании **YDA** (Турция, \$206 млн), дата-центра с участием компании **Bitfury** (Нидерланды, \$110 млн), а также обеспечено открытие филиала банка **China Construction Bank** на площадке МФЦА.

Также в рамках расширения присутствия действующих инвесторов запущены новые линии производства продуктов питания ТНК **Lotte** (Южная Корея, \$11 млн) и **Ulker** (Турция, \$25 млн), модернизировано производство фармпрепаратов компании **Polpharma** (Польша, \$23 млн), построены промышленные теплицы компании **Эко-Культура** (Россия, \$1,3 млрд).

До конца года ожидается ввод еще **26 проектов** на **\$4,1 млрд** с созданием **5,4 тыс. рабочих мест**, среди которых производство стальных труб с участием **CNPC** (КНР, \$100 млн), производство мяса с участием **Beef Export Group** (РФ, \$13 млн).

6. На базе АО «НК «Kazakh Invest» с 2019 года функционирует **информационно-мониторинговая система Investor relationship management (IRM, система)**, которая служит инструментом для сопровождения инвестиционных проектов. В рамках системы ведется мониторинг поступающих инициатив от инвесторов, хода реализации действующих проектов и их постинвестиционное сопровождение, а также выявляются проблемные вопросы для оперативного содействия их разрешению.

Данные по инвестпроектам в IRM включают информацию об инвесторе, хронологию взаимодействия с ним, актуальные статусы по степени проработанности проектов, наличие проблемных вопросов и прочие параметры хода реализации проектов.

Система интегрирована с Национальным инвестиционным веб-ресурсом invest.gov.kz и call-центром, где потенциальным и действующим инвесторам предоставлена возможность осуществления консультационных запросов по проблемным вопросам, инициирования проектов, а также имеется функционал «жалоба». С начала запуска системой обработано **свыше 3000** обращений, в том числе **345** запросов касательно реализации инвестиционных проектов.

7. В соответствии с поручением Главы государства в январе текущего года внедрен новый инвестиционный инструмент – **Соглашение об инвестициях для стратегических инвесторов** (далее – *Соглашение*).

Соглашение гарантирует стабильность условий и законодательства, а также предусматривает реализацию адресного подхода при определении порядка предоставления пакета преференций для каждого проекта. Так, 12 января 2021 года совершено Соглашение по созданию сети демонстрационных ферм и строительству завода по производству современных систем орошения и управления урожайностью сельскохозяйственных культур в Казахстане с компанией **Valmont Industries** (сумма инвестиций – \$50 млн).

Также готовится к подписанию Соглашение об инвестициях в агро-мультипротеиновую промышленность в Казахстане с крупной американской ТНК **Tyson Foods, Inc.** (сумма инвестиций – \$300 млн). В рамках проекта предусматриваются создание мясоперерабатывающего завода мощностью забоя не менее 2000 голов в смену, сети откормочных площадок, репродукторов, а также развитие кооперации с фермерскими хозяйствами РК.

В целом данные принимаемые меры и, как следствие, увеличение уровня доверия инвесторов, подтвержденного мировыми рейтингами и предпосылками на дальнейший рост, **обеспечат достижение** установленных целевых показателей.

Так, за 8 месяцев т.г. **объем ИОК в недобывающих секторах вырос на 22,2 %**. Значительные темпы роста отмечаются в **строительном секторе** (в 2,2 раза), в **обрабатывающей промышленности** (на 88,3 %), **сельском хозяйстве** (на 46,2 %), **торговле** (на 45,1 %), **информации и связи** (на 41,1 %), **операциях с недвижимым имуществом** (на 19,3 %) и **транспорте** (на 11,7 %).

Валовый приток ПИИ по результатам **1 полугодия т.г. вырос на 30,4 % до \$11,1 млрд**. Рост обеспечен за счет следующих отраслей: **образование и здравоохранение** (в 4,8 раза), **обрабатывающая промышленность** (на 57,2 %), **торговля** (на 45,8 %), **транспорт и логистика** (на 20,4 %), **информация и связь** (на 9,4 раза), **горнодобывающая промышленность** (на 27,1 %).

Улучшение инвестиционного климата страны и приверженность инвесторов также подтверждаются международными рейтингами – наша страна занимает лидирующие позиции в регионе согласно отчету UNCTAD, а также рейтингом Фонда наследия – **34 место по экономической свободе** (2021 г.).

Устойчивость национальной экономики отмечена ведущими международными организациями.

В августе т.г. **Moody's повысило кредитный рейтинг страны до Вaa2**, сославшись на **эффективность антикризисных мер Правительства**.

АБР улучшил свои прогнозы по национальному производству во второй раз в этом году, сославшись на **силу реального сектора и эффективность фискальной политики** (22.09.2021).

По итогам проводимой работы по всем предпринимаемым мерам Правительством на ежегодной основе будет формироваться **Национальный доклад по инвестициям**, который будет содержать анализ трендов и прогнозы развития мировой экономики, оценку достигнутых результатов и инвестиционного рейтинга регионов, а также системные предложения по дальнейшему улучшению инвестиционного климата страны. Также в документе будет представлена оценка эффективности реализации поставленных задач в разрезе **государственных органов и регионов**. На сегодня **целевые показатели декомпозированы**, персональная ответственность за их достижение закреплена за первыми руководителями.

Работа по дальнейшему совершенствованию инструментов привлечения инвестиций будет продолжена и находится на особом контроле Правительства.

А. Мамин